

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6 (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 245–256
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.867>

ӨОЖ 355:93/99; 930:37.016
FTAMP 78.09;03.01.45

K.Z. Utkelbayev¹, B.A. Turgunbayeva¹, 2024.

¹Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan;

²Abai Kazakn National Pedagogikal University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: kadir201068@mail.ru

PATRIOTIC EDUCATION OF YOUTH BY TEACHING MILITARY LYRICS

Utkelbayev Kydyrbay Zakhmanovich – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: kadir201068@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-3654-3635>;

Turgunbayeva Botagul Altayevna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Abai Kazakn National Pedagogikal University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: botagul53@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0001-5168-0083>.

Abstract. The article examines the problem of Kazakh military literature of the twentieth century in comparison with the research of scientists. The significance of the theoretical results of the study is evidenced by the formation and scientific circulation of the concepts of Kazakh military literature, military lyrics and military prose, the study of genre, and stylistic and artistic-ideological features of works on the theme of the Afghan war. At the same time, the importance of military works in Kazakh literature and their educational and educational significance for young people are analyzed. The genre specificity of works on the military theme is determined and grouped in terms of content. The literary genre is the primary means of realizing the artist's ideal. The author is the first to choose in which genre to write his work; the reader needs to reflect. Therefore, the genre embodies the goal of finding an ideological solution to the work. At the same time, it should be noted that the lyrical genre stands out among the written literary works on the Afghan war theme.

The novelty of the study is that it aims to educate students patriotically by teaching them about the army in Kazakh literature and military lyrics. It also aims to form young people's inner spirit and energy through personal images in military work, self-education training, and individual identity preservation.

Keywords: literature, Military Literature, lyrics, education, B. Momysheva, B. Smagulov, the Great Patriotic War, the Afghan war, military works, genre.

Қ.З. Уткелбаев¹, Б.А. Тургунбаева², 2024.

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан.

E-mail: kadir201068@mail.ru

ӘСКЕРИ ЛИРИКАНЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Уткелбаев Қыдырбай Захманович – педагогика ғылымдарының магистрі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: kadir201068@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-3654-3635>;

Тургунбаева Ботагуль Алтаевна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан, E-mail: botagul53@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5168-0083>.

Аннотация. Мақалада ХХ ғасырдағы қазақ әскери әдебиеті мәселесі ғалымдардың зерттеулерімен салыстырыла отырып зерделенеді. Зерттеудің теориялық нәтижелерінің маңыздылығы – қазақ әскери әдебиеті, әскери лирика және әскери проза туралы ұғымдарды қалыптастырып, ғылыми айналымға түсіруімен, Ауған соғысы тақырыбындағы шығармалардың жанрлық, стильдік және көркемдік-идеялық ерекшеліктерін зерделеумен дәйектеледі.

Сонымен бірге, қазақ әдебиетіндегі әскери шығармалардың маңыздылығы мен жастарға берер тағылымдық, тәлім-тәрбиелік маңызы сараланады. Әскер тақырыбындағы шығармалардың жанрлық ерекшелігі айқындалып, мазмұндық тұрғыдан топтастырылады. Әдеби жанр суреткер мұратын жүзеге асырудың басты құралы. Өз шығармасын қай жанрда жазу арқылы оқырманға ой салу қажеттігін ең бірінші таңдайтын да автор. Сондықтан жанр шығарманың идеялық шешімін табудағы мақсатты жүзеге асырушы. Осы ретте Ауған соғысы тақырыбындағы жазылған әдеби туындылардың арасында лирикалық жанрдың ерекше көзге түсетіндігін атап өтуіміз керек.

Зерттеудің жаңалығы – қазақ әдебиетіндегі әскер тақырыбын, әскери лириканы оқыту арқылы білім алушыларды патриоттыққа тәрбиелеу. Әскери шығармалардағы тұлғалық образдар арқылы жастардың бойында ішкі рух пен жігер қалыптастыру, өзін-өзі тәрбиелеуге, тұлғалық болмысын сақтауға үйрету.

Түйін сөздер: әдебиет, әскери әдебиет, лирика, тәрбие, Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы, әскери шығармалар, жанр.

К.З. Уткелбаев¹, Б.А. Тургунбаева²

¹Кызылординский университет имени КORKыт Ата, Кызылорда, Казахстан;

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.

E-mail: kadir201068@mail.ru

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА У МОЛОДЁЖИ ЧЕРЕЗ ИЗУЧЕНИЕ ВОЕННОЙ ЛИРИКИ

Уткелбаев Кыдырбай Захманович – магистр педагогических наук, старший, преподаватель, Кызылординский университет имени КORKыт Ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: kadir201068@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3654-3635>;

Тургунбаева Ботагуль Алтаевна – доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: botagul53@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5168-0083>.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы казахской военной литературы XX века через призму исследований, проведённых учёными, что позволяет углубить понимание значимости военной лирики. Теоретическая значимость работы заключается в формировании понятий казахской военной литературы, военной лирики и прозы, а также в их введении в научный оборот. Особое внимание уделено анализу жанровых, стилевых и художественно-идеологических особенностей произведений на тему Афганской войны. В статье подчёркивается, что произведения военной тематики, представленные в казахской литературе, играют значительную роль в воспитании молодёжи, способствуя формированию патриотических чувств и нравственных идеалов. Жанровая специфика таких произведений тщательно рассматривается и систематизируется на содержательном уровне, поскольку выбор жанра является одним из ключевых элементов, способствующих глубокому воздействию на читателя и реализации авторского замысла. Автор осознанно выбирает жанровую форму для выражения мысли, что в конечном итоге усиливает идею произведения. Среди произведений, посвящённых Афганской войне, особенно выделяются работы, написанные в жанре лирики, так как они наиболее точно передают внутренние переживания и личные взгляды героев.

Новизна исследования заключается в актуальности темы воспитания патриотизма среди учащихся путём изучения военной тематики и военной лирики в казахской литературе. Через образы в военной лирике молодёжь учится стойкости, укрепляет свой внутренний дух и формирует нравственные принципы, ориентируясь на примеры личностных образов, представленных в произведениях.

Ключевые слова: литература, военная литература, лирика, воспитание, Великая Отечественная война, Афганская война, военные произведения, жанр.

Кіріспе. Ел тәуелсіздігі мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық өркендеуі мен саяси жаңғыруына ғана емес, ұлтымыздың рухани құндылықтарын ұлықтап, «тарихтың ақтаңдақ беттерін» қайта қарап, зерделеуге де мүмкіндік беріп отыр. Бұл әсіресе, тарих, әдебиеттану, тілі білімі, педагогика, философия сияқты гуманитарлық, қоғамдық-саяси ғылым салаларына жаңа серпін беріп, зерттеу нысандарына тың тақырыптар алып келді.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озатын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді. Мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет» (Тоқаев, 2020), – деп ұлт ғылымына жаңа міндеттер жүктеп отыр. Қоғамның дамуымен ілесіп, оның қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап бере алу ғылым үшін ең басты мәселе. Қашан, қай кезеңде болмасын ғылым елге қызмет етуі шарт. Бұл әсіресе, ұлттық идеологияны қалыптастыратын гуманитарлық ғылымдарға, соның ішінде педагогика ғылымына ерекше жауапкершілік екені сөзсіз. Осы тұрғыдан қарағанда педагогика ғылымының алдында тұрған зерттелуі тиіс өзекті мәселенің бірі – қазақ әскери әдебиетін оқыту мәселесі болып отыр. Әскери әдебиетті ЖОО-да әдебиет пәндері аясында кірістіре отырып, тереңдете оқыту болашақ мамандарды патриоттыққа, ұлтжандылыққа баулып, рухани болмысы мен еркін жігерлендіретіні сөзсіз. Бұл ретте, аталған тақырыпты педагогикада қарастырмас бұрын, теориясы мен зерттелуіне тоқталсақ.

Әрине, қазақ әскери әдебиетін мүлде зерттеусіз қалды дей алмаймыз. Профессор М. Мырзахметұлы бастаған санаулы ғалымдар Б. Момышұлы шығармашылығына байланысты ғылыми мақалалар жазды. Қазақ эпостық жырларынан бастау алып, тарихи жырлар мен ақын-жыраулар поэзиясында жалғасын тапқан, Ұлы Отан соғысы жылдарында өсіп-өркендеген қазақ әскери әдебиеті – ұлттық сөз өнерінің кең арналы саласы. Сондықтан оны бір немесе бірнеше ғылыми мақаланың деңгейінде зерттеу мүмкін де емес. Қазақ әскери әдебиеті туралы толыққанды зерттеулер жүргізу, оның өкілдері мен әдеби туындылардың ұлттық әдебиеттегі орнын айқындау мен өзіндік дара сипаттарын ашу маңызды мәселе. Көркем әдебиеттегі соғыс тақырыбы әлемдік әдеби үдерісте бұрыннан бар, қалыптасқан тақырыптардың бірі. Қайсыбір халықтың болмасын әдебиетінде соғыс тақырыбының кездесуі де заңдылық. Өйткені әдебиеттегі соғыс тақырыбы арқылы оқырманды, соның ішінде жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейміз. Бұл тақырып түркі халықтары, соның ішінде қазақ әдебиеті үшін де жат емес. Ғасырлар бойы қаншама ішкі, сыртқы жаулардан қорғану үшін халық басынан өткізген бірнеше соғыстар әдебиеттен көрінбеуі мүмкін емес.

Әскери әдебиеттің әдебиеттегі соғыс тақырыбынан ең басты ерекшелігі, ол шығарма авторының өзі суреттеп отырған соғыс өртінен көруінде,

қолына қару алып, соғысқа қатысуында. Қазақ ауыз әдебиетінде елін, жерін басқыншылардан қорғау ежелгі тақырып екендігі дәлелдеуді керек етпейтін шындық. Өмірі жаугершілікпен өткен қазақ халқында батырлық, ерлік ұғымының мәні жоғары. Сондықтан да қазақ халқының жауынгерлік дәстүрі бар. Батырлықты, ерлікті, елдікті адалдықты, әділдікті, адамгершілікті жырлайтын ауыз әдебиетіміздегі батырлар жыры мен эпостары, Махамбеттің дабылды да дауылды жырлары әскери әдебиетіміздің негізі деп айтуға болады.

Ұлттық әдебиеттегі әскери-парияттық тақырыптың шарықтай өрістеген кезеңі – Ұлы Отан соғысы жылдары болды. Бұл жылдары қазақ әдебиетінің барлық жанрлары: прозада, поэзия, драматургия, очерк пен публицистика да рухани зор күшке айналды.

Соғыстан кейінгі әдебиет міндеттері елдегі бесжылдық жоспармен тығыз байланысты белгіленді. Ол соғыс қиындықтарын өз басынан өткеріп келіп енді елдегі бейбіт еңбекке араласқан адамның өмірі мен еңбегін көркемдікпен бейнелеу еді. Кеңес үкіметі жазушысының алдына тағдырының азабын арқалаған, жаны мен тәні соғыс зардабы салған жаралардан сыздаған, құрбан болған жас тағдырлар мен жетім-жесір қалған жандардың қайғысына куә болған адамнан Заман қаһарманын сомдау, оның ішкі сыры мен қалыптасу жолының күрделі де қиын құбылысы қойылды.

Әскери әдебиет мәселесі сөз болғанда Ауған соғысы тақырыбын көтерген әдеби және көркем-публицистикалық шығармалар назардан тыс қалмауы керек. Өйткені «Ауған соғысы – кеңес дәуірі тарихының ең қаралы беттерінің бірі. Күш-жігері мен әл-ауқаты мол, Отан алдындағы борышын адал атқарған әрі өз болашағына сенген жас ұрпақ саяси ойынның құрбанына айналды. Жүздеген жас азамат жат елде жан тапсырып, мыңдаған отандастарымыз оқ пен оттың ортасынан жарақатпен оралды. Олардың жүрегінде Ауғанстан мәңгілік жан жарасы болып қалып қойды» (Жақып, 2009). Осы жан жарасы кейін әдеби туынды болып өмірге келді. Онда Ауған соғысы кезіндегі кеңес әскерлерінің, соның ішінде қазақ жауынгерлерінің ерлігі, өмір мен өлім айқасқан сәттер т.б. суреттелді.

XX ғасырдың 80-жылдарынан кейін қазақ әдеби үдерісіне Ауған соғысы тақырыбы қазақ әскери әдебиетінің заңды жалғасы ретінде өзіндік сипатпен, дара табиғатымен келді. Ауған соғысы әдебиетке жаңа тақырып әкеліп қана қойған жоқ, көркем-публицистикалық шығармалардың шынайылығы мен деректілігіне де әсер етті. Қаламгерлер жанрлық, поэтикалық ізденістер нәтижесінде әскери әдебиетке жаңа форма, тың мазмұн мен пішін алып келді. Сондай-ақ, оқырман батырлар жыры мен тарихи дастандардан, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көркем әдебиеттен таныс ерлік пен батырлықтың үлгісі болатын образдармен қайта қауышты.

Зерттеу әдістері

Қазақ әдебиетінде әскери лириканы оқытудың негізгі әдістері мен олардың қолданылуын Ұлы Отан соғысы жылдарының әдебиеттегі көрінісі, Ауған соғысының әдебиеттегі көрінісі және т.б. шығармаларды стильдік

талдау, жіктеу, әдеби талдау әдістері қолданылып, әскери әдебиет бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Зерттеудің материалдары ретінде Б. Момышұлының, Б. Смағұловтың еңбектері пайдаланылды және олардың қазақ әскери әдебиетін қалыптастырудағы маңызы сараланды. Әскери әдебиетті оқыту арқылы жастарды тәрбиелеу мәселесі, оқытудағы тиімді әдістемесі ұсынылды. Бұл ретте, сабақ кезеңдерін үлгілеу, студенттердің білімін бағалауда статистика әдістері қолданылды. Әдебиет пәндеріне әскер тақырыбын кірістіру арқылы студенттердің бойында патриоттық сезім мен рух, елге, ұлтқа, тұлғаға деген жанашырлық пен жігер қалыптастыру мәселесі сөз болды. Қазіргі техника мен технологияның дамыған кезеңінде жастардың ішкі рухы мен жігерін қалыптастыру, бойында патриоттық, ұлтжандылық сезімді ояту өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осы тұрғыдан алғанда әдебиет пәндері аясында ұлттық рухты көтеретін тақырыптар мен тұлғалардың шығармашылығын оқыту мәселесі алға шығады. Әскери лириканы оқытуда ғылымилық, теориялық, бірізділік және жүйелілік ұстанымдарын негізге алу оқытудың тиімділігін арттырады. Ал, құзыреттілік тұғыр аталған тақырыпты игертудің оңтайлы тәсілдерінің бірі.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әдебиеттанушы ғалымдар классикалық қазақ әскери әдебиетінің негізін қалаушы ретінде Бауыржан Момышұлын атап жүр. Бұл орынды баға. Өйткені Бауыржан Момышұлы өзі қатысып, көзімен көрген соғыс суретін көркем прозаға айналдырған тұңғыш қазақ жазушысы. Ол соғыс стратегиясы мен тактикасын терең меңгерген командир. Ұлы Отан соғысы жылдары ерлігімен көзге түсті. Соғыстан кейін де әскери маман ретінде жауынгерлер даярлаумен айналысты. Өмірлік тәжірибесін теориямен ұштастыра отырып, өз білгенін келер ұрпаққа үйретті, әскери өмір теориясын, психологиясын жазды. Майдан шындығын көркем прозаға айналдырды, естеліктер, қанатты сөздері оны философ ретінде танытты, ал хаттары қазақ әдебиетіндегі әлі де болса айта қаларлықтай өз отауын құрып үлгермеген эпистолярлық жанрды танытады.

Қазақ халқының батыр ұлы өзі көптеген құнарлы дүниелерді туындата отырып, қазақ әдебиетіндегі соғыс туралы жазылған көркем шығармалар туралы сыни пікірлері мен ойларын барлық уақытта жариялап отырған. Оның бұл еңбегі қазақ әдебиетіндегі әскери әдебиеттің табиғатының дұрыс танылуына, теориясының қалыптасуына үлкен білімнің күшімен орындалар ерен қызметі.

Мазмұны жағынан үгіттік сипаты басым келетін, арнайы міндеттер арқалаған бұндай туындылардың соғыс уақытының талабы мен халық мақсатын біріктірудегі тәрбиелік маңызы зор болды. Ұлы Отан соғысы өзге елдер секілді қазақ әдебиеті үшін де тосын да төтенше тақырып және үлкен тарихи сабақ. Соғыс жылдарының соңына қарай қайта оянған көлемді жанрлар да соғыс шындығын, әскери өмір психологиясын көрсетуде өз тәжірибелерін солдаттың яғни жеке адамның ішкі сезімін, ерлігін, рухын жырлаудан бастады. Бұл тұрғыдан, әрине, соғыстың сұрапыл қырғынын көріп, өмір мен өлім

таласында ажал оғымен арпалысты өз бастарынан кешірген қаламгерлердің орны бөлек.

Жалпы әскери әдебиеттің ең басты ерекшелігі – оның неғұрлым шындыққа негізделуінде болса, екінші ерекшелік бұл тақырыпқа көбінесе осы соғыста болып, оқ пен оттың ортасынан аман қалған ауған соғысы ардагерлері қалам тартуында. Осы ерекшелік жанр таңдау мәселесінен де көрінеді. Ауған соғысы тақырыбын суреттеген шығармалардың жанрлық ерекшелігіне тоқталсақ, деректі повесть, деректі әңгіме, әңгіме-эссе, мемуарлық проза, соның ішінде естелік, күнделік, портреттік очерк, арнау, мадақ өлеңдер мен элегия, эпитафия екендігіне көз жеткіземіз. Қаламы мен қаруын қатар ұстаған жауынгер-қаламгерлер өзі куә болған ерлік дастандарын ұрпаққа аманат етті. Бір өкініштісі, қазақ әскери әдебиетінің нағыз үлгісі боларлық осындай шығармалар тақырыптық, жанрлық тұрғыдан ғана бағаланып бірде тарихи әдебиет, бірде саяси әдебиет, енді бірде патриоттық шығармалар қатарына жатқызылып келді. Әлемдік әдебиеттану ғылымында бар «Әскери әдебиет» ұғымы қазақ әдебиеттану ғылымында қолданыла қоймады. Әскери әдебиеттің үлгілері бар болуына және оның әдеби үдерісте тым ерте көрінгеніне қарамастан «қазақ әскери әдебиеті» ұғымы ғылыми айналымға толық еніп, термин ретінде қалыптаса қойған жоқ. Ал, оны жоғары оқу орнында әдебиет пәндері аясында қарастырып оқыту мәселесі педагогика ғылымының алдында тұрған ең күрделі мәселе болып отыр.

Академик С. Қирабаев: «Әдебиет өзінің зерттейтін объектісі адамды белгілі дәуірде, тарихи ортада алып суреттеу арқылы сол кезеңнің шындығын да, бейнесін де ашады. Адам тағдыры арқылы тарихи ой-сананың қалыптасуын көрсетіп, оқырманға өмір танытады, оны тәрбиелейді, адамгершілікке баулиды, әдебиеттің біз үшін қажет эстетикалық сабағы да осында» (Қирабаев, 2007), – деген пікірі әдебиеттің тұлға қалыптастырудағы маңызын айқындай түседі. Осы ретте, оқырманға өмірді таныту мен тәрбиелеуде әскери әдебиеттің ықпалы зор екендігі сөзсіз.

«...Осы мезет тылсым бір сарын құлаққа жетеді. Шыңыраудан шымырлап шыққандай терең толғаулы күй. Қасіретін кеудесіне жерлеген, жалғыз ұлын іздеп шерлеген қаралы аналармен бірге еңіреп, қас батырдың жас қабірін жастанып, дауыс айттырып жатқандай. Өмірден қол үзгісі келмей, бірақ қармайтын тал таппай, тұңғыыққа құлап бара жатқан қыршын қаруластың қырылдаған үніндей. Жан әлемі ақиқатқа шөлдеп, елге тәні мен жаны жаралы қайтқан сайқал саясаттан жиіркенген жауынгерлердің өкінішінің өксігіндей діңкенді құртады. Көңіл түкпірінде әлдеқашан беріш болып қатып қалған сарғаю мен сағыныш сезімдерін оятып, жүрек шеріне шеңгел салады» (Смағұл, 2014). Бұл – жауынгер-қаламгердің жан сыры. Өз оқырманымен ғана бөлісе алатын көңіл түкпірінде жатқан «жүрек шері». Қаламгер қай жанрда жазбасын мейлі ішкі дүниесінде «алысып жатқан» осы алай-дүлей сезімді өз шығармасына өзек етті. Ол бірде мұң (элегия), бірде жоқтау (эпитафия), бірде мадақ өлең болып оқырмандарына жол тартты.

Қайғы мұңның қараңғы түнегі де,
Сала алмаған көлеңке реңіне.
Асырмайсың бастан сөз, басылмайсың,
Ортамызда отырсың күле, міне.
Өре салған өмірдің шідері де,
Үрке қашты үмітін үзеріңде.
Қайыспайтын қалпыңа қатал заман,
Бата алмаған батырлық жүрегіңе (Смағұл, 2014).

Құр мадақ, жалған мақтау емес. Ауған соғысының қанды қырғынынан аман келген қарулас достың тұтас келбеті көрінетін шынайы туынды. Осы аз ғана өлең жолдарының өзінен мадақ жанрына тән бүкіл қасиет көрінеді. Жалпы мадақ өлең мақсаты өз кейіпкерінің ел, халық, ұлт, Отан алдындағы сіңірген еңбегін, ел басына күн туған заманда халыққа қорған бола білген батырлығын немесе өнер әлеміндегі жеткен жетістіктерін паш ету болса керек. Осы ретте Б. Смағұл қаламынан туған мадақ жыры бойынан Ауған соғысы ардагерінің қайсар мінезін, батырлығы мен ержүректілігін, азаматтық болмыс-бітімін көреміз.

Соғыс өмірін, ондағы әр жауынгердің ерлігі мен өрлігін, адалдығы азаматтығын оның қасында болып, қанды қырғынды бірге басынан өткізген, қайғы мен мұңды бірге арқалаған адам ғана біледі. Адам төзбес ауыр күнді жанымен сезеді, түйсігімен түсіне алады. Сондықтан бұндай қаламгердің қаламынан тек шынайы жырлар өмірге келеді. Б. Смағұлдың келесі бір мадақ өлеңі жауынгер-дәрігер Кәрімханов Рахымжанға арналған:


Талай жанды ажалдан алып қалған Рахым,
Жаралымен жапанда қалып қалған Рахым.
Жараланса жауынгер жарып барған Рахым,
Жау жағадан алғанда анықталған Рахым.
Жаралыны жанымен қалқалаған Рахым,
Тау-таспенен сүйретіп арқалаған Рахым.
Дәрі-дәрмек, оғымен қалталанған Рахым,
